

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының арасындағы үкіметаралық Келісімі

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 19 қазан 1994 ж. N 427-ө

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының арасындағы үкіметаралық Келісімді және Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1994 жылды мамыр айында Иран Ислам Республикасына барған ресми сапары кезінде қол жеткен уағдаластықтарды іс жүзіне асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығының "Атакент" еркін сауда аймағының аумағында 1994 жылды қазаның 17-і мен 25-і аралығында өтетін Иран сауда-өнеркәсіп көрмесінен Иран Ислам Республикасының фирмалары мен компанияларына әртүрлі тауарларды сатуға рұқсат беру туралы ұсынысы қабылдансын.

Тауарлар мен өнімдер тек ұлттық валютаға - теңгеге сатылады деп белгіленсін.

"Атакент" еркін сауда аймағының Әкімшілік кеңесіне алдағы уақытта өз аумағында өткізілетін халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелердің әртүрлі тауарларын сатып тұруына рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі импорт кеден баж салығы мен сатылған тауарларға кедендік рәсімдеу шығындары үшін:

көтерме сауда кезінде - шетел фирмасымен (компаниясымен) жасалған контракт негізінде тауарды "Атакент" еркін сауда аймағының кеден шекарасынан тыс жерлерге әкеткенде сатып алушыдан;

бөлшек сауда кезінде - әкелген кезде толтырған декларациясына сәйкес сатылған тауары үшін шетел фирмасынан (компаниясынан) төлем алуды қамтамасыз өтетін болсын. Сатылмаған тауарды әкету жаңа декларацияға сәйкес рәсімделеді.

Премьер-министр